Жүнді алғашқы қайта өңдеу сатысындағы өндірісті дамыту және жүн өнімдерін дайындау үшін биязы жүн өнімдерін өндіру жөніндегі кластерлік бастаманы іске асыру жоспарын әзірлеу керек. Ол үшін сатып алуға техникалық ерекшеліктерді әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасында СТ талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, квазимемлекеттік сектордың сатып алуына қол жеткізу арқылы елдің ішінде кепілдендірілген ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуы, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстарды қолмен режимдеу, көрсетілген тұтынушыларға қажетті өнімдер болмаған жағдайда технологияларды жинақтау, ассортиментін кеңейту және импортқа тәуелділікті азайту мақсатында ұзақ мерзімді оффтейк келісім-шарттарды жасауды ұсынамыз. Осы жүн өнімдерін өндіру мен өңдеу өндірісін күтілген қажетті деңгейге жеткізу үшін жоғарыдағы сұрақтардың шешілуі қажет деп санаймыз.

Депутаттар Дүйсембаев, Еңсегенов, Еламанов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Маминге.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Мал басының санын өсіру мақсатында жануарлардың жұқпалы, паразитарлық және ішкі жұқпалы емес ауруларына қарсы емдеу-сауықтыру шаралары жүргізілуі тиіс. Бұл өз ретінде аурулардың алдын алу,



диагностикалау және биологиялық препараттарды қолдану арқылы жүзеге асады. Сондықтан мал және құс шаруашылықтарын жоғары сапалы ветеринариялық биологиялық препараттармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ветеринария қызметінің басты міндеттерінің бірі.

Мемлекеттік биологиялық қауіпсіздік үшін стратегиялық маңызы бар жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы препараттарды өндіретін мемлекеттік биокомбинаттың болмауы себебінен жыл сайын қажетті ветеринариялық мақсаттағы вакциналар мен дәрі-дәрмектерді Ресей, Чехия және Беларусь сынды елдерден сатып алуға мәжбүрміз. Соңғы үш жылды алатын болсақ, республика бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды сатып алуға республикалық бюджеттен 18,3 миллиард теңге бөлінген. Оның 12,8 миллиард теңгесі немесе 70 пайызы шетелдерге кетіп жатыр. Оған қоса ветеринариялық дәрілік заттар өндірісіне қойылатын Еуразиялық экономикалық одақтың 2016 жылғы 3 қарашадағы №77 шешімімен бекітілген халықаралық GMP-ге тиісті өндірістік тәжірибе стандартының талаптары 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Бұл ретте отандық өндіріс көздерін дамыту мәселесінің өзектілігі арта түседі.

Агрөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы халықаралық стандарттарға сай сертификацияланған ветеринариялық препараттардың үлесі иммунопрофилактикалық шаралар бойынша 70 пайыздан, ал диагностикалық тексерулер бойынша 80 пайыздан кем болмауы тиіс.

Сондықтан елімізде тіркелген жануарлардың жұқпалы ауруларына қарсы ветеринариялық вакциналар мен биологиялық препараттарды өндіру негізінде ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және отандық ғалымдардың өндіріспен байланысын нығайту мақсатында мемлекеттік биокомбинат болуы қажет деп санаймыз.

Осы маңызды әрі күрделі сұрақты шешу үшін «жоқтан бар жасау» қажет емес. Ветеринария саласында елеулі жетістіктерге жеткен, вакциналарды әзірлеп, ғылыми зерттемелерді енгізіп жүрген отандық ғылыми-зерттеу ұйымдарын негізге алуға болады. Мысалы, Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты, Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты және Қазақ ұлттық аграрлық университеті. Бұл жағдайда ғалымдар әзірлеген биопрепараттардың тәжірибелік үлгілерінің желісін құруға немесе институт базасында авторлардың бақылауымен жануарлардың ауруларына қарсы әдістер мен жаңа препараттардың өндірісін ұйымдастырар еді. Алайда қазіргі уақытта аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жоғары өнімділік пен ірі ауқымды дәрі-дәрмек шығаруға бейімделмеген.

Бүгінгі күні ветеринариялық препараттардың әлемдік өндірісінің жиынтық көлемі 35 миллиард доллар. Осы саланы жүйелі түрде дамыту арқылы біз біріншіден, ішкі нарықты отандық препараттармен қамтамасыз етер едік, екіншіден, еліміздің географиялық орналасуын қолданып, Орталық Азия мен Таяу Шығыстың нарығына шығып қаржылай пайда көруге де болады.

Сонымен қатар өзге елдерден экспортталған немесе елімізде өндірілген ветеринариялық препараттардың тиімділігі жеткіліксіз болуы мүмкін және оларды

бақылаусыз қолдану кейбір аурулардың эпизоотиялық ошақтарының пайда болуына алып келуі ықтимал. Осыған байланысты елімізде биопрепараттардың сапасын бақылау бойынша тапсырыс берушіден де, өндірушіден де, тұтынушыдан да тәуелсіз, мемлекеттік ғылыми-бақылау ұйымын құру қажет деп санаймыз.

Мысалы, ветеринарлық препараттарға мемлекеттік тапсырыс беріледі. Оған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің жеке және заңды тұлғалары қатысады. Тапсырыста көрсетілген препараттардың сапасы бойынша талаптарға сай келетінін дәлелдейтін тексерісті өндіруші өзі жасайды. Мұндай тексеріс жасайтын мемлекеттік ұйымдар Ресей, Беларусь және Украина сынды ТМД елдерінде бар, ал Қазақстанда жоқ. Бұл жағдай қисынға келмейді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, осы айтылғандардың негізінде ұсыныстарымыз:

1) инвестиция тартып, GMP стандарттарының талаптарына сай елімізде баламасы жоқ жаңа мемлекеттік биокомбинат салу немесе өз зауыттары бар жекеменшік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мемлекеттік грант бөліп я болмаса заем немесе ғылыми жабдықтарға лизинг беру арқылы қолдау көрсетіп, бәсекелестік ортаға беру;

2) Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты сынды ұйымдарға мемлекет тарапынан ерекше қолдау көрсетіп немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды бейімдеп, биопрепараттардың көлемін ұлғайтуға және елдің ішкі нарығын қамтамасыз ету;

3) ветеринариялық препараттардың сапасын бақылайтын тәуелсіз мемлекеттік ғылыми-бақылау ұйымын құру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Осы айтылған мәселелер оң шешімін тапқан жағдайда еліміздегі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, мал басы мен одан алынатын өнімдердің саны мен сапасын арттыруға және мал шаруашылығы мәдениетін дамытуға қол жеткізуге болады.

Құрметпен, Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттары Жұмағазиев, Бектаев, Әкімов, Еламанов, Мусин, Нұралиев, Тағымов, Төреғалиев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Қадірменді әріптестер, біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрығымен 2009 жылғы 28 шілдедегі №237 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне өзгерістер енгізілді. Бұйрықта жиынтық кірісті есептеу кезінде адамның (отбасының) кәсіпкерлік қызметтен түскен кірісі, яғни тәуелсіз қызметкерлердің қызметі нәтижесінде алынған табыс ескерілетіні көрсетілген. Бұл ретте табыс айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен емес мөлшерде ескеріледі, яғни қазіргі кезеңде 66 мың 275 теңгені құрайды.

Атаулы әлеуметтік көмек отбасының әр мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен, яғни 21 мың 828 теңгені құрайтын отбасына тағайындалады. Алайда үстіміздегі жылдың 5 қаңтары мен 14 қаңтары аралығында арнайы іссапармен өңірлерге барып, халықпен кездескен кезде ауылдық жерде өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етіп жүргендер – тәуелсіз қызметкерлер, кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірісі бар тұлғалардың кірістерін анықтау тәртібін қайта қарауды және бұрын белгіленген тәртіпке келтіруді сұрайды. Атап айтқанда, жоғарыда көрсетілген кірістерді анықтауды ең төменгі жалақы мөлшеріне сәйкестендіруді, яғни 42 мың 500 теңгеге оралуды ұсынады.

Сонымен қатар «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын, үш жасқа дейінгі баланы күтуді жүзеге асыратын тұлғалар атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Халықпен кездесулер барысында көпбалалы отбасылардағы балаларды тәрбиелеуден жұмысқа шығу мүмкіндігінің болмауына және көптеген ауылдық елді мекендерде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының болмауы мен жетіспеуіне байланысты жеті жасқа дейінгі баланы күтуді жүзеге асыратын тұлғаларға шартсыз және шартты ақшалай көмек түрінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің бұрынғы тәртібіне қайта келуді өтінуде.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, жоғарыдағы көтерілген сұрақтарды мыңдаған ана мен отбасының өтініштері мен тілектері деп қабылдауымыз керек.

Жоғарыда көтерілген мәселелерді шешудің тетіктерін қарастыруды және «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес белгіленген тәртіпшен жауап беруіңізді сұраймыз.

Сенат депутаттары Нөкетаева, Бактиярұлы, Бектұрғанов, Жұмағұлов, Ершов, Жүсіп, Қалбарова, Төреғалиев, Сүлеймен, Еламанов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Бортник Михаил Михайловичке беріледі.

БОРТНИК М.М. Рақмет, уважаемая Дарига Нурсултановна.

Наш депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Роману Васильевичу.

«Поводом для депутатского запроса явились вопросы, поставленные в ходе наших встреч с трудовыми коллективами предприятий и руководством специальной экономической зоны «Морпорт Актау».

Нужно отметить, что за время функционирования специальной экономической зоны благодаря государственной поддержке и вкладу бизнеса создана развитая инженерная инфраструктура, построен и функционирует ряд промышленных предприятий. Объем производства за годы работы СЭЗ достиг 344 миллиардов тенге, создано 1650 рабочих мест, объем вложенных инвестиций составляет 119 миллиардов тенге (на 1 тенге бюджетных вложений привлечено 15,3 тенге частных инвестиций).

Таким образом, наблюдается устойчивая тенденция положительного влияния специальной экономической зоны на социально-экономическое развитие региона.

Однако для дальнейшего развития СЭЗ и успешной реализации инвестиционной политики государства в Мангистауской области с учетом располагаемой территории с созданной инфраструктурой, интересов бизнеса, создания рабочих мест просим Вас рассмотреть вопрос расширения перечня приоритетных видов деятельности СЭЗ путем внесения изменений в Положение о СЭЗ «Морпорт Актау», утверждаемое Правительством Республики Казахстан.

Для включения в расширенный список предлагаем следующие виды деятельности:

- туристическая деятельность;
- развитие легкой промышленности;
- развитие пищевой промышленности;
- развитие аквакультуры.

Включение указанных видов деятельности окажет положительный эффект в решении социальных проблем, занятости населения, в том числе в густонаселенных районах, прилегающих к территории СЭЗ.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Сената Парламента Бортник, Чельпеков».

ТӨРАҒА. Спасибо, Михаил Михайлович.

Келесі сөз Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

«Премьер-Министру Республики Казахстан господину Мамину. Депутатский запрос.

Уважаемый Аскар Узакпаевич! Поводом для депутатского запроса послужило обращение судей Республики Казахстан в отставке.

В 2016 году были внесены изменения в Конституционный закон «О судах и статусе судей Республики Казахстан», согласно которым судье, проработавшему не менее 15 лет на судейской должности, выплачивается необлагаемое налогом ежемесячное пожизненное содержание.

Вместе с тем в связи с вводом в действие с 31 марта текущего года Закона «Об обязательном социальном медицинском страховании» судьи в отставке лишаются права на медицинскую помощь в системе обязательного социального медицинского страхования.

В перечне лиц, освобожденных от уплаты взносов в фонд, они как самостоятельная категория не указаны, что лишает их права на медицинскую помощь.

Полагаем необходимым создать правовой механизм, гарантирующий судьям достойное их высокого конституционного статуса социальное обеспечение.

Текст полного депутатского запроса будет направлен в адрес Правительства Республики Казахстан.

О результатах рассмотрения депутатского запроса прошу дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутат Волков».

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Сөз сенатор Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Уважаемая Дарига Нурсултановна, уважаемые коллеги! В ходе рабочей поездки по регионам был поднят ряд вопросов, которые изложены в двух депутатских запросах.

Первый депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан господину Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Акцизами облагаются товары, которые пользуются повышенным спросом у населения, но не являются предметами первой необходимости.

В рыночном механизме на желание потребителей влияют внешние факторы. Таким образом, по характеру акцизы являются нестабильными.

Поступления от акцизов зачисляются в местные бюджеты тех регионов, в которых производятся продукции, облагаемые акцизами.

Согласно принципам межбюджетных отношений (статья 43 Бюджетного кодекса Республики Казахстан) при закреплении налогов и других обязательных платежей в бюджет предпочтение отдается тому уровню бюджета, который обеспечит наиболее высокую степень их собираемости. Кроме того, за нижестоящими бюджетами закрепляются налоговые и неналоговые поступления, имеющие стабильный характер, не зависящие от воздействия внешних факторов.

Учитывая, что разрешительные и контрольно-надзорные функции по регулированию оборота алкогольной продукции находятся на уровне центральных государственных органов, в регионах, где производится основной объем алкогольной продукции, имеются проблемы по исполнению плана, связанные со снижением объемов производства готовой продукции.

Кроме того, необходимо отметить, что местные исполнительные органы ответственны за исполнение важного индикатора по увеличению ожидаемой продолжительности жизни, увеличению охвата населения, занимающегося физической культурой и спортом, ведению здорового образа жизни, что вызывает конфликт интересов бизнеса и социальной политики.

Учитывая изложенное, предлагается пересмотреть действующую налоговую политику, и с 2023 года передать в республиканский бюджет поступления от акцизов на все виды спирта и табачных изделий, произведенных на территории Республики Казахстан, с учетом требований пункта 7 статьи 42 Бюджетного кодекса о компенсации потерь.

Внесение изменений в бюджетное законодательство в части передачи в республиканский бюджет поступлений от акцизов предлагается с 2023 года, поскольку

трансферты общего характера устанавливаются на трехлетний период и утверждены на 2020 – 2022 годы.

С уважением, Адильбеков».

Второй депутатский запрос адресован Первому Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Смаилову Алихану Асхановичу.

«Уважаемый Алихан Асханович! Есть три проблемы.

Первое. Постановлением Правительства Республики Казахстан от 7 июля 2019 года № 490 бюджетам областей и городам республиканского значения за счет целевого трансферта из Национального фонда Республики Казахстан на обеспечение дополнительного охвата краткосрочным профессиональным обучением было выделено 13,6 миллиарда тенге, в последующем планировалось осуществить возврат выделенных средств при уточнении республиканского бюджета.

Однако при внесении изменений в Закон «О республиканском бюджете на 2019 – 2021 годы» годовой объем не был уменьшен, так как в соответствии с бюджетным законодательством Республики Казахстан перераспределение средств по бюджетным программам, финансируемым за счет целевых трансфертов из Национального фонда Республики Казахстан, корректировкой бюджета не допускается.

В целях качественного и эффективного освоения бюджетных средств необходимо рассмотреть вопрос о внесении изменений в Бюджетный кодекс Республики Казахстан в части корректировки республиканского бюджета, позволяющей уменьшать либо перераспределять средства по бюджетным программам, финансируемым за счет целевых трансфертов из Национального фонда Республики Казахстан.

Второе. В целях контроля за использованием местными исполнительными органами бюджетных субвенций Министерством финансов внесены предложения по открытию новых кодов в доходной и расходной частях в Единой бюджетной классификации как на республиканском, так и на местном уровнях бюджетов (схемы прилагаются).

В соответствии с бюджетным законодательством субвенция, передаваемая из республиканского бюджета, направлена на выравнивание уровня бюджетной обеспеченности регионов и обеспечение равных фискальных возможностей для предоставления гарантированных государством услуг в соответствии с направлениями расходов, закрепленными Бюджетным кодексом за каждым уровнем бюджета, то есть является средством местных исполнительных органов и не имеет целевого назначения.

Кроме этого, в случае возникновения в течение года экономии либо дополнительной потребности по расходам, финансируемым за счет субвенции, потребуются согласование с центральными государственными органами по перераспределению утвержденных объемов между функциональными группами и отраслями, что займет определенное время и не даст оперативно решать те или иные задачи и вопросы.

На основании изложенного предлагаемый механизм контроля использования субвенций местными исполнительными органами нарушает пункт 5 статьи 4 Бюджетного кодекса – принцип самостоятельности местных исполнительных органов.

Третье. Действующими условиями Правил исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденных приказом Министра финансов от 4 декабря 2014 года № 540, предусмотрены сроки по предоставлению заявок по внесению изменений в планы финансирования платежей на текущий период, их рассмотрению, утверждению и вводу в систему «Казначейство – Клиент» сводных, индивидуальных справок администратора бюджетных программ.

При этом в правилах отсутствуют сроки обработки в системе «Казначейство – Клиент» сводных, индивидуальных справок администратора бюджетных программ со стороны Комитета казначейства Министерства финансов и их территориальных подразделений.

Учитывая, что справки по внесению изменений в планы финансирования проводятся от 1 до 10 дней, в целях обеспечения солидарной ответственности и повышения исполнительской дисциплины предлагается предусмотреть в правилах нормативный срок обработки справок со стороны Комитета казначейства Министерства финансов и их территориальных подразделений.

Приложение: на 4 листах, копии писем, схемы.

С уважением, Адильбеков».

ТӨРАҒА. Спасибо, Даурен Зекенович.

Келесі сөз сенатор Мукаев Ерболат Рахметұлына беріледі.

МУҚАЕВ Е.Р. Рақмет, уважаемая Дарига Нурсултановна.

«Первому Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Смаилову Алихану Асхановичу. Депутатский запрос.

Уважаемый Алихан Асханович! Суть нашего запроса – это водные проблемы Западно-Казахстанской области. Четыре отдаленных района Западно-Казахстанской области, три из них являются приграничными с районами Российской Федерации, обеспечиваются водой из рек Большой Узень и Малый Узень, которые, в свою очередь, подпитываются с реки Волги.

Ежегодно на основании Соглашения между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан о совместном использовании и охране трансграничных водных объектов из республиканского бюджета выделяются средства на возмещение затрат по машинной подаче волжской воды в реки Большой Узень и Малый Узень, а также в Жанибекскую систему Западно-Казахстанской области.

Необходимый объем волжской воды из Российской Федерации для поддержания стабильной санитарно-экологической обстановки на территориях Казталовского, Жангалинского, Жанибекского и Бокейординского районов составляет 107 миллионов кубических метров, в том числе в реки Большой Узень и Малый Узень составляет 79 миллионов кубических метров, в Жанибекскую систему – 28 миллионов кубических метров.

На 2020 год из республиканского бюджета на возмещение затрат по машинной подаче волжской воды выделено 1 миллиард 964 миллиона тенге, в том числе на водоподачу из Саратовской области Российской Федерации в реки Большой Узень и

Малый Узень – 1 миллиард 439 миллионов тенге, из Волгоградской области Российской Федерации в Жанибекскую систему – 520 миллионов тенге. На эти средства объем водоподачи составит 75 миллионов кубических метров, в то время как потребность составляет 107 миллионов кубических метров.

Стоит отметить, что объем выделяемых средств на эти цели из республиканского бюджета на протяжении трех последних лет не увеличивается и остается на уровне средств, выделенных в 2018 году, тогда как ежегодно тариф на подачу воды увеличивается.

Для сравнения: рост тарифа с 2017 года по 2019 год составил в среднем 25 процентов. Кроме того, на сегодняшний день курс рубля к тенге постоянно растет.

Из-за недофинансирования из республиканского бюджета, роста тарифа на воду и нестабильного курса валют подача волжской воды осуществляется в неполной мере и не удовлетворяет потребности населения, проживающего в южных районах области.

В текущем году для поддержания стабильной экологической обстановки в регионе необходимо дополнительное выделение средств из республиканского бюджета в сумме 800 миллионов тенге на подачу недостающего объема 30 миллионов кубических метров.

Вопрос выделения этих средств просим внести на первое уточнение республиканского бюджета.

С уважением, Мукаев, Турегалиев, Дюсембаев».

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерболат Рахметұлы.

Келесі сөз сенатор Капбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бұл депутаттық сауалға Шымкент қаласына жұмыс сапары барысында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында туындаған өзекті мәселелер себеп болды. Шымкент қаласы жеңіл өнеркәсіпті дамытуға, оның ішінде мақта-тоқыма кластерін өркендетуге қолайлы өңір. Оңтүстік экономикалық аймақта орналасқан 15 кәсіпорында 50-ге жуық өнім түрі шығарылады. Өндіріс көлемі 53,9 миллиард теңгені құрайды және Қазақстан бойынша ең тиімді экономикалық аймаққа жатады.

«Оңтүстік» экономикалық аймақтан шетелдерге 37,2 миллиард теңгенің өнімі экспортталуда. Аймақтағы бірқатар мәселелер шешіліп, мемлекеттік қолдау күшейтілсе бұл көрсеткіштер бұдан да жоғары болатын еді. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасына кілемдер мен кілемшелерді экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының кәсіпорындары 30 пайыз кедендік баж салығын және өнімнің өзіндік құнының 15 пайыз акцизін төлеуге міндетті. Бұл қазақстандық өнімнің құнын 45 пайызға арттырады, сондықтан жергілікті өндірушілермен салыстырғанда қазақстандық өндірушілер өзбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуда. Кәсіпорындар Өзбекстаннан Қазақстанға әкелінетін тауарларға қатысты кедендік баждар мен акциздердің ставкаларын төмендетуді немесе айна шараларын қолдануды сұрайды.



Сонымен қатар отандық тауар өндірушілер тауарларды Еуропалық одаққа импорттағаны үшін 12 пайыз мөлшерінде импорттық баж төлейді. Еуропалық одақтың кедендік реттеу жүйесі преференция жүйесінің бенефициар-елдерінің тізіміне енген жекелеген елдер үшін тарифтік жеңілдіктер беру тәртібін қарастырған.

Тарифтік преференцияларды Дүниежүзілік банк табысы орташа деңгейден төмен елдерге қолданады. Алайда 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы кірісі орташа деңгейден жоғары ел ретінде Еуроодақтың тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесінің артықшылықтарын пайдалану мүмкіндігін жоғалтты. Алайда бұл мәселені шешу үшін өлшемдерге тәуелді емес Еуроодақ тарифтік преференцияларын ұсынудың ерекше рәсіміне қол жеткізуге болады. Осындай тәжірибені Түркия мен Өзбекстан сияқты елдер қолданып жүр. Олардың өндірушілері арнайы екіжақты келісімдер негізінде Еуроодақтың импорттық баждарын ішінара немесе толығымен босату құқығын пайдаланады.

Қазақстандық индустрия және экспорт орталығының отандық өңделген тауарларды жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының өтемақысын алу рәсімдерін жеңілдету де өзекті мәселе болып тұр. Бұл мәселені шешу үшін құжаттарды қарау уақытын оңтайландыру және шығындарды өтеу процедурасын жеңілдету қажеттігі туындауда.

Тауар өндірушілер «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақ кәсіпорындарының экспорттық бағытын ескере отырып, өнімнің өзіндік құнына әсер ететін негізгі шығындардың бірі көлік шығыны екенін алға тартуда.

Осылайша, отандық логистикалық компаниялардың қызметтеріне тарифтер басқа елдердің тарифтерімен салыстырғанда едәуір жоғары. Осыған байланысты теміржол тарифтерін қайта қарау және жаңа құрал – экспорттық өнімді тасымалдау құнын 50 пайыз көлемінде өтеу ұсынылады. Бұл кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттырар еді.

Бүгінде «Оңтүстік» экономикалық аймақта 2 мыңға жуық жұмыс орны бар. Жуық арада іске қосылатын жаңа жобалардың нәтижесінде 3 мың адам жұмыспен қамтылмақ.

Бұл мәселелердің көпшілігі бірнеше рет айтылды, бірақ оң шешімін таппады. Жоғарыда аталған мәселелер шешілмесе, арнайы экономикалық аймақ жұмысының тиімділігі бірнеше есе азаю қаупі туындауда.

Осыған орай, сізден көтерілген мәселелерді қарастырып, олар бойынша тиісті шешім қабылдауыңызды және жауапты заңда белгіленген мерзімде және тәртіпте беруіңіз сұралады.

Құрметпен, депутаттар Бектас Бекназаров, Айгүл Қапбарова, Нұрлан Бекназаров».

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы. Экспорт пен импорт мәселелері кеше ғана талқыланған мәселе.

Келесі сөз сенатор Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаевқа жолданады.

«Бүгінгі депутаттық сауалға Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ офицерлері туралы мәліметтерді жинақтау және жаңғырту мәселесі себеп болып отыр.

Мұндай жұмысты Норвегиядағы Қазақстан Республикасының елшілік қызметкерлері жүргізіп жатыр екен, бұған өзіміз іссапар барысында куә болып қайттық.

Екінші дүниежүзілік соғыс, оның ішінде 1944 жылғы Петсамо-Киркенес операциясы және Норвегияның солтүстігін азат ету кезінде норвег жерінде тұтқында 15 мың 500 кеңес жауынгерінің өмірі қиылған.

Бүгінге дейін Норвегия зерттеушілері 9 мыңнан астам шетел жауынгерінің аты-жөндерін анықтады. Сол елдегі әскери зираттар саны 124-ке жетіп отыр.

Норвегия жерінде тұтқында болған шетелдік жауынгерлердің аты-жөндерін сәйкестендірумен «Falstad Center» айналысады. Олар Ресей және Германия мемлекетімен тығыз байланыста. Орталықтың Норвегия мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының Елшілігіне берген ақпараты бойынша Норвегия жерінде 32 қазақ офицері жерленген.

Қазақстан Республикасының Елшілігі Орталықтың ақпараттық базасымен ары қарай жұмыс жасай отырып, қосымша 13 қазақ жауынгерінің аты-жөнін анықтаған. Тұтқында болған көптеген офицерлер өздерінің туған жерлерін Кеңес үкіметі деп көрсеткен. Сол себепті зерттеу жұмыстарын әскери тарихшылар мен тиісті мамандармен бірге жүргізсе, анықталатын ақпараттардың көптігі сөзсіз. Ол жауынгерлер Хьётта аралында жерленген.

Қорғаныс министрлігінің «Мемориал» ақпараттық базасында қазақ офицерлері туралы кездеспеген мағлұматты Ресей мемлекетінің ақпараттық базаларынан аламыз. Осыған сәйкес алдағы уақытта Қорғаныс министрлігі осы мәселе бойынша өзге елдермен өзара ақпарат алмасуды сапалық жаңа биікке көтеруі керек деп санаймыз.

Ұлы Отан соғысының 75 жылдығын тойлау қарсаңында Екінші дүниежүзілік соғыс барысында ерлікпен шайқасқан шет мемлекеттердегі қазақ офицерлеріне қатысты ақпараттар бойынша еліміздің дипломатиялық елшіліктерімен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізуді, анықталған ақпараттарды бір ақпараттық кеңістікке үйлестіруді және оны жастарға патриоттық тәрбие ретінде түрлі ақпарат көздеріне таратуды қарастыруды сұраймыз.

Біздің сауаламызды Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес қарап, нәтижесі бойынша заңмен белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері Құл-Мұхаммед, Мұқашев, Қожамжаров, Мұсабаев, Нұрсипатов, Нұржігітова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, мой депутатский запрос адресован Министру внутренних дел Республики Казахстан Тургумбаеву.

«Уважаемый Ерлан Заманбекович! На сегодняшний день в Казахстане в сфере профилактики нарушений правил дорожного движения имеются достаточно серьезные и существенные проблемы.

По мнению эксперта Института мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, за прошедший год количество дорожно-транспортных происшествий в Казахстане уменьшилось, однако число смертельных исходов продолжает оставаться довольно высоким.

Вместе с тем, несмотря на внедрение системы «Сергек» в столице и других городах Казахстана, основными причинами высокой аварийности считаются низкая культура вождения, которая включает в себя неоднократные нарушения правил дорожного движения, за которые предусмотрены лишь штрафы, а также вождение в нетрезвом состоянии и низкое качество дорожного полотна.

В целях повышения сознательности и чувства высокой ответственности водителей во многих зарубежных странах успешно реализуется система балльной оценки за нарушения правил дорожного движения.

На основании изложенного прошу рассмотреть внедрение системы начисления баллов за нарушения правил дорожного движения.

Информация по международному опыту прилагается.

С уважением, Лукин».

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Келесі сөз сенатор Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет.

Қадірменді Төраға, құрметті депутаттар! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министріне арналған.

«Құрметті Асхат Қанатұлы! Құрметті Елжан Амантайұлы! Алматы облысы Сарқан ауданы «Екіаша орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты 1969 жылы қолданысқа берілген. Жобалық қуаттылығы 960 оқушыға арналған.

2019 – 2020 оқу жылын мектеп 467 білім алушымен бастады.

Мектеп ғимаратына жарты ғасыр, осы жарты ғасырда бірде-бір рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, тозығы әбден жеткен.

Мектептің материалдық-техникалық базасы осы айтылғанға сай, кәріз, жылу жүйелері, дәретханасы, қоршауы, терезелері ешқандай сын көтермейді. Депутат ретіндегі менің жеке қабылдауымда сайлаушылармен кездесу кезінде қойған үш басты мәселесі мынандай:

1) мектеп таулы аймақта орналасқан, сейсмологиялық сақтандырылмаған;

2) ылғалды климатты жер болғандықтан мектептің бірінші қабатын зеңсаңырауқұлақ басуда, ол балалардың тыныс алу жүйесіне, денсаулығына зиян келтіруде. Үш сынып бөлмесінің еденін алып тастап, цемент құйылса да зеңсаңырауқұлақ тоқтамай, каркас қабырғаларға шығып жатыр;

3) мектептің тозығы жеткен электр жүйесі айрықша алаңдатушылық туғызуда. Сылақтардың астындағы сымдардың қай жерден үзілгенін, үзілетінін, қай жерде қысқа тұйықталулар болып тұрғаны табылмайды. Бұл жағдай әр баланың өмірі үшін қорқыныш тудыруда.

2018 жылы ақпан айында күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Бұл құжат қазір тоқтап тұр, жарамдылық мерзімі 2021 жылдың ақпан айына дейін.

Құрметті министр мырзалар, өңір үшін өте өзекті болып тұрған осы әлеуметтік мәселені назарларыңызға алып, тиісті сараптама мен нақты шешімдер қабылдауларыңызды сұраймыз.

Кезінде 1000 оқушыға арналған мектепте қазір 467 бала оқуда. Мүмкін ескіні жамағаннан гөрі балалар санына ыңғайлап, оңтайлы жаңа мектеп салу мәселесін қарау керек болар.

Осы депутаттық сауалды қараудың қорытындыларын және қабылданатын шаралар туралы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабардар етуді өтінеміз.

Құрметпен, Сенат депутаттары Сүлеймен, Мұқашев».

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Жаңылысқызы.

Басқа сауалдар жоқ, сауалдардың барлығы елімізді алаңдатып отырған өте маңызды мәселелерді көтерді. Енді бұны өздеріңіз бақылап отырыңыздар, сауалдар бойынша жұмыстарды жалғастыра беріңіздер.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Осымен отырысты жабық деп жариялаймын.

Ел игілігі жолындағы еңбектеріміз табысты болсын, баршамызға сәттілік тілеймін. Аман-сау болыңыздар, келесі жүздескенше.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 23 қаңтар

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының өңірлерге сапарларының қорытындысы туралы ақпарат**

Информация об итогах выезда депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в регионы

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенат Төрағасының орынбасары Б.Ә. БЕКНАЗАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Заместителя Председателя Сената Республики Казахстан БЕКНАЗАРОВА Б.А. .... 3

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений и дополнений в Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о создании на космодроме «Байконур» космического ракетного комплекса «Байтерек» от 22 декабря 2004 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А.Қ. ЖҰМАҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан ЖУМАГАЛИЕВА А.К. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. .... 8

ПЛОТНИКОВ С.В. .... 9

ЖҮСПІ Н.Б. .... 9

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. .... 10

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан ..... 11

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі  
Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. .... 12

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. .... 13

**Депутат С.Р. ДЖАҚСЫБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЖАКСЫБЕКОВА С.Р. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 14

**Депутат Г.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 15

**Депутат М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЖУМАҒАЗИЕВА М.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 16

**Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 18

**Депутат М.М. БОРТНИКТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БОРТНИКА М.М. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. .... 19

**Депутат В.В. ВОЛКОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ВОЛКОВА В.В. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 20

**Депутат Д.З. ӘДІЛБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.А. Смайыловқа  
депутаттық сауалдары**

Депутатские запросы депутата АДИЛЬБЕКОВА Д.З. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У., Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру финансов Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 21

**Депутат Е.Р. МҰҚАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МУКАЕВА Е.Р. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру финансов Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 23

**Депутат А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.У. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАПБАРОВОЙ А.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 24

**Депутат Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекбаевқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. к Министру обороны Республики Казахстан Ермекбаеву Н.Б. .... 25

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.З. Тұрғымбаевқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Министру внутренних дел Республики Казахстан Тургумбаеву Е.З. .... 26

**Депутат Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННИҢ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Қ. Аймағамбетовке, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.А. Біртановқа депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМЕН Л.Ж. к Министру образования и науки Республики Казахстан Аймағамбетову А.Қ., Министру здравоохранения Республики Казахстан Биртанову Е.А. .... 27

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



А. Құсайынов



И. Шыныбаева